

"Отандық теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою" және "Қазақстан Республикасының аумағына таралатын шетелдік теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 4 қазандағы № 165 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 19 қазанда № 8030 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 28 мамырдағы № 655 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.05.2015 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізілсін) бұйрығымен.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Әкімшілік процедуралар туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Отандық теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою» мемлекеттік қызмет регламенті осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақстан Республикасының аумағына таралатын шетелдік теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою» мемлекеттік қызмет регламенті осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен мемлекеттік тіркеу және оны ресми жария етуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Д. Мыңбай

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Мәдениет және ақпарат министрінің

2 0 1 2 ж ы л ғы 4 қ а з а н д а ғы

«Отандық теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Отандық теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою» мемлекеттік қызметтің осы регламенті (бұдан әрі - Регламент) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1, 15-2-баптарына, сондай-ақ «Отандық теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою» және «Қазақстан Республикасының аумағына таралатын шетелдік теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою» мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 1183 қаулысымен бекітілген «Отандық теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою» мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес (бұдан әрі - **С т а н д а р т**) ә з і р л е н д і .

2. Регламентте мына ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік қызметті алушы - жеке немесе заңды тұлға;
2) отандық теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою куәлігі – Қазақстан Республикасы аумағына теле-, радиоарналарды таратуға рұқсат беретін және теле-радиокомпанияларға уәкілетті органмен берілген, белгіленген **н ы с а н д а ғ ы** **қ ұ ж а т ;**

3) құрылымдық-функционалдық бірліктер – мемлекеттік қызмет көрсету процесі кезінде қатысатын лауазымды тұлға.

3. «Отандық теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті (бұдан әрі – **К о м и т е т**) **ж ү з е г е** **а с ы р а д ы .**

4. Мемлекеттік қызмет автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет «Телерадио хабарларды тарату туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 18 қаңтардағы Заңының 7-бабының 21) тармақшасына және 17, 18-баптарға сәйкес көрсетіледі.

6. Қазақстан Республикасының аумағына таралатын отандық теле-, радиоарналарды есепке қою, қайта есепке қою куәлігін (бұдан әрі - куәлік) беру не куәлігін беруден жазбаша түрде бас тарту туралы дәлелді жауап көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың негізі:

- 1) егер уәкілетті орган бұрын сол атпен және сол аумаққа таралатын не оның аты бұрын құрылған теле-, радиоарнаның атымен айырғысыз дәрежеде ұқсас к у ә л і к б е р г е н б о л с а ;
- 2) егер өтініштің мазмұны осы стандарттың 3-қосымшасының талаптарына с а й к е л м е й т і н б о л с а ;
- 3) егер отандық теле-, радиоарнаны есепке қойғаны үшін, отандық теле-, радиоарнаның есепке қою туралы куәліктің телнұсқасын бергені үшін тіркеу а л ы м ы т ө л е н б е с е ;
- 4) егер меншік иесінің ауысуына орай теле-, радиоарнаны қайта есепке қою туралы өтінішке меншік құқығын басқа тұлғаға беру шартында нөмірі мен у а қ ы т ы к ө р с е т і л м е с е ;
- 5) егер шығарылуын бұрын сот тоқтатқан, аты (атының бір бөлігі) бірдей және тақырыптық бағыты дәл сондай теле-, радиоарна есепке қоюды мәлімдеген болса немесе аты мен тақырыптық бағытын қайталайтын теле-, радиоарна мәлімделген болса, сондай-ақ шығарылуы сот шешімімен тоқтатылған теле-, радиоарнаның меншік иесі немесе бас редакторы (редакторы) соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде өтініш берген жағдайда есепке қоюдан бас тартады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне талаптар

7. Мемлекеттік қызмет жұмыс күндері сағат 9.00-дан 18.00-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін мына мекенжай бойынша: 010000 Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, 217 кабинетте Комитет көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді және жеделдетілген қызмет көрсету қарастырылмаған.

8. Мемлекеттік қызмет туралы ақпаратты Электрондық үкіметтің веб-порталынан: www.e.gov.kz, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) интернет-ресурсынан: www.mki.gov.kz, сондай-ақ Комитетке 8 (7172) 74-05-38 телефоны бойынша хабарласу арқылы а л у ғ а б о л а д ы .

9. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі, отандық теле-, радиоарнаны есепке қойғаны және отандық теле-, радиоарнаны есепке қойғаны туралы куәліктің телнұсқасын бергені үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексі белгілеген мөлшерде тіркеу алымы төленеді.

10. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

- 1) стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың толық пакеті

тапсырған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде;
2) қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің уақыт шегі – 30 минут;
3) мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің уақыт шегі – 30
м и н у т т а н а с п а й д ы .

Куәліктің телнұсқасы қажетті құжаттар тапсырылғаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде беріледі.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету барысында іс-қимыл (өзара әрекеттесу) тәртібінің сипаттамасы

11. Мемлекеттік қызметті көрсетудің кезеңдері:

- 1) мемлекеттік қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдау және тіркеу;
- 2) құжаттарды басшыларға беру;
- 3) құжаттарды қарастыру және Комитет басшылығымен орындаушыны
а н ы қ т а у ;
- 4) құжаттарды куәлікті рәсімдейтін тұлғаға беру;
- 5) құжаттардың түпнұсқалығын салыстырып тексеру және орындаушымен
құжаттардың толықтығын тексеру;
- 6) куәлік беру туралы шешім;
- 7) куәлікті дайындау;
- 8) куәліктердің Тізіліміне куәлікті тіркеу;
- 9) куәлікті беру немесе куәлік беруден бас тарту туралы дәлелді жауап.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін Комитеттің жұмыс кестесі бойында мемлекеттік қызметті алушының құжаттарын қабылдауды бір тұлға жүзеге
а с ы р а д ы .

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы (немесе сенім хат бойынша өкілі) Стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды Комитетке ұсынады.

14. Комитет кеңсесінің құжатты қабылдаған қызметкерінің тегі, аты-жөні күні мен уақыты көрсетілген талон мемлекеттік қызметті алушыға (немесе өкілге сенімхат бойынша) құжаттардың қабылданғандығын растау болып табылады.

15. Құрылымдық-функционалдық бірліктерінің әкімшілік іс-қимылдарының (процедуралары) бірізділігі және өзара іс-әрекеті сипаттамасы осы Регламенттің қосымшасында келтірілген.

« О т а н д ы қ т е л е - ,
радиоарналарды есепке, қайта
есепке қою» мемлекеттік
қ ы з м е т р е г л а м е н т і н е

1-қосымша

Талон

	(субъектінің атауы)	
Өтінішті	қабылдады	
(маманның Т.А.Ә.)		
2012 ж. «__»		с. __ м.

«**Отандық теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою» мемлекеттік қызмет регламентіне**
2-қосымша

Құрылымдық-функционалдық бірліктерінің әкімшілік іс-қимылдарының (процедуралары) бірізділігі және өзара іс-әрекеті сипаттамасы

Негізгі процестің іс-қимылы (барысы, жұмыс ағыны)			
Кұрылымдық-функционалдық бірліктер атауы	Кеңсе қызметкері	Комитет басшылығы	Электрондық бұқаралық ақпарат құралдары басқармасының қызметкері
1	Іс-қимыл атауы (процедура, рәсімдер, операциялар) және олардың сипаттамалары 1. Құжаттарды тіркеу 2. Басшылыққа құжаттарды беру	3. Құжаттарды қарастыру 4. Құжаттарды электрондық бұқаралық ақпарат құралдары басқармасына беру	5. Өтініш тақырыбын талдау. Өтінішті орындау мүмкіндігі туралы шешім қабылдау
2	Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдық-тарату шешімі)	7. Құжаттарды жіберу	6. Тұтынушыға жауап дайындау. Куәлікті рәсімдеу немесе куәлік беруден бас тарту туралы дәлелді жауап
3	Орындалу мерзімі	4 жұмыс күні	2 жұмыс күні
			4 жұмыс күні, 2 күн ішінде бас тарту туралы жауап

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрінің
2012 жылғы 4 қазандағы
№ 165 бұйрығына
2-қосымша

«Қазақстан Республикасының аумағына таралатын шетелдік теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою» мемлекеттік қызмет регламенті 1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасының аумағына таралатын шетелдік теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою» мемлекеттік қызметтің осы регламенті (бұдан әрі - Регламент) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1, 15-2 бабтарына, сондай-ақ «Отандық теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою» және «Қазақстан Республикасының аумағына таралатын шетелдік теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою» мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 1183 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының аумағына таралатын шетелдік теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою» мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес (бұдан әрі - Стандарт) әзірленді.

2. Регламентте мына ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік қызметті алушы - жеке немесе заңды тұлға;
2) Қазақстан Республикасының аумағына таралатын шетелдік теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою куәлігі – Қазақстан Республикасы аумағына шетелдік теле-, радиоарналарды таратуға рұқсат беретін және теле-радиокомпанияларға уәкілетті органмен берілген, белгіленген нысандағы қ ұ ж а т ;

3) құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ) – мемлекеттік қызмет көрсету процесі кезінде қатысатын лауазымды тұлға.

3. «Қазақстан Республикасының аумағына таралатын шетелдік теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою» мемлекеттік қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті (бұдан әрі – Комитет) жүзеге а с ы р а д ы .

4. Мемлекеттік қызмет автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет «Телерадио хабарларды тарату туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 18 қаңтардағы Заңының 7-бабының 13) тармақшасына және 19, 20 және 21–баптарына сәйкес көрсетіледі.

6. Стандарттың 1 және 2-қосымшасының нысанына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына таралатын шетелдік теле-, радиоарналарды есепке қою, қайта есепке қою куәлігін (бұдан әрі - куәлік) беру немесе куәлік беруден жазбаша түрде бас тарту туралы дәлелді жауап көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың негізі:

1) егер өтініштің мазмұны осы стандарттың 3-қосымшасының талаптарына с а й к е л м е й т і н б о л с а ;

2) егер шетелдік теле-, радиоарнаны есепке қойғаны үшін, шетелдік теле-,

радиоарнаның есепке қою туралы куәліктің телнұсқасын бергені үшін тіркеу алымы төленбесе;

3) шетелдік теле-, радиоарнаның материалдары Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, экстремизмді немесе терроризмді, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты насихаттауды және үгіттеуді, ұлтаралық және конфессияаралық араздықты қоздыруға бағытталған ақпаратты, сондай-ақ порнографиялық және арнайы сексуалдық-эротикалық сипаттағы кино - және бейнеөнімдерді, сондай-ақ суицидті насихаттайтын ақпаратты қамтитын болса;

4) дінтану сараптамасы нәтижелері бойынша теріс қорытынды болса;

5) шетелдік теле-, радиоарна өнімдеріне қатысты Қазақстан Республикасының аумағында оны таратуға тыйым салу туралы сот шешімі болса, бас тартады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне талаптар

7. Мемлекеттік қызмет жұмыс күндері сағат 9.00-дан 18.00-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін мына мекенжай бойынша: 010000 Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, 217 кабинетте Комитет көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді және жеделдетілген қызмет көрсету қарастырылмаған.

8. Мемлекеттік қызмет туралы ақпаратты Электрондық үкіметтің веб-порталынан: www.e.gov.kz, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) интернет-ресурсынан: www.mki.gov.kz, сондай-ақ Комитетке 8 (7172) 74-05-38 телефоны бойынша хабарласу арқылы алуға болады.

9. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі, Қазақстан Республикасының аумағына таралатын шетелдік теле-, радиоарналарды есепке қою, қайта есепке қою қойғаны туралы куәліктің телнұсқасын бергені үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексі белгілеген мөлшерде тіркеу алымы төленеді.

10. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) Стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттардың толық пакетін тапсырған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі алушы ұсынған материалдар бойынша дінтану сараптамасын жүргізу кезінде тоқтатыла тұрады және сараптама

қорытындысын алғаннан кейін қайта басталады. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігіне келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде сараптама жүргізіледі. Сараптама жүргізу мерзімі сарапшының (сарапшылардың) қосымша материалдар мен ақпаратты зерделеуі қажет болған жағдайда, сараптама жүргізу мерзімі күнтізбелік отыз күнге ұзартылуы мүмкін.

2) қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің уақыт шегі – 30 минут;

3) мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің уақыт шегі – 30 м и н у т т а н а с п а й д ы .

Куәліктің телнұсқасы қажетті құжаттар тапсырылғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде беріледі.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету барысында іс-қимыл (өзара әрекеттесу) тәртібінің сипаттамасы

11. Мемлекеттік қызметті көрсетудің кезеңдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдау және тіркеу;
2) құжаттарды басшыларға беру;
3) құжаттарды қарастыру және Комитет басшылығымен орындаушыны а н ы қ т а у ;

4) құжаттарды куәлікті рәсімдейтін тұлғаға беру;
5) құжаттардың түпнұсқалығын салыстырып тексеру және орындаушымен құжаттардың толықтығын тексеру;

6) қажет болған жағдайда құжаттарды (материалдарды) Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігіне жолдау;

7) Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігіне құжаттарды (материалдарды) жолдау кезінде сараптамалық қорытынды алу;

8) куәлік беру туралы шешім немесе куәлік беруден жазбаша түрде бас тарту туралы дәлелді жауап;

9) куәлікті рәсімдеу;

10) куәліктердің Тізіліміне куәлікті тіркеу;

11) куәлікті беру немесе куәлік беруден бас тарту туралы дәлелді жауап.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін Комитеттің жұмыс кестесі бойында мемлекеттік қызметті алушының құжаттарын қабылдауды бір тұлға жүзеге а с ы р а д ы .

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы (немесе сенім хат бойынша өкілі) Стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды Комитетке ұсынады.

14. Комитет кеңсесінің құжатты қабылдаған қызметкерінің тегі, аты-жөні күні мен уақыты көрсетілген талон мемлекеттік қызметті алушыға (немесе өкілге сенімхат бойынша) құжаттардың қабылданғандығын растау болып табылады.

15. Құрылымдық-функционалдық бірліктердің әкімшілік іс-қимылдарының (процедуралары) ҚФБ осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

«Қазақстан Республикасы аумағына таралатын шетелдік теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою» мемлекеттік қызмет регламентіне

1-қосымша

Талон	_____
Өтінішті қабылдады	(субъектінің атауы) _____
	(маманның Т.А.Ә.) _____
2012 ж. «__» _____ с. __ м.	

«Қазақстан Республикасы аумағына таралатын шетелдік теле-, радиоарналарды есепке, қайта есепке қою» мемлекеттік қызмет регламентіне

2-қосымша

Құрылымдық-функционалдық бірліктерінің әкімшілік іс қимылдарының (процедуралары) бірізділігі және өзара іс-әрекеті сипаттамасы

Негізгі процестің іс-қимылы (барысы, жұмыс ағыны)			
Құрылымдық-функционалдық бірліктер атауы	Кеңсе қызметкері	Комитет басшылығы	Электрондық бұқаралық ақпарат құралдары басқармасының қызметкері
1	Іс-қимыл атауы (процедура, рәсімдер, операциялар) және олардың сипаттамалары 1. Құжаттарды тіркеу 2. Басшылыққа құжаттарды беру	3. Құжаттарды қарастыру 4. Құжаттарды электрондық бұқаралық ақпарат құралдары басқармасына беру	5. Өтініш тақырыбын талдау. Өтінішті орындау мүмкіндігі туралы шешім қабылдау
2	Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдық-тарату шешімі)	7. Құжаттарды жіберу	6. Тұтынушыға жауап дайындау. Куәлікті рәсімдеу немесе куәлік беруден бас тарту туралы дәлелді жауап
3	Орындалу мерзімі	күнгізбелік 4 күн	күнгізбелік 9 күн, 2 жұмыс күні ішінде бас тарту туралы жауап

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК